

**Қарағанды қаласы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі
жоспарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңының 8, 13 баптарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2020-2021 жылдарға арналған Қарағанды қаласы бойынша жайылымдарын басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

Қ. Бексұлтанов